

Павлодар облысы Павлодар ауданының Кеңес селолық округінің Комарицыно ауылын Қаратоғай ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Павлодар облыстық әкімдігінің және Павлодар облыстық мәслихатының 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 342/31 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 24 ақпанда N 3182 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Павлодар ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 4/26 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы қорытындысына және облыс әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы "Павлодар облысының кейбір елді мекендерін қайта атау туралы" N 304/19 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Павлодар ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

Павлодар ауданының Кеңес селолық округінің Комарицыно ауылы Қаратоғай ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Облыс әкімі

Р. Гафуров
Б. Сағынтаев